

Подводя итоги, мы пришли к следующим выводам: благодаря казахстанским СМИ в нашем обществе актуализируются случаи семейно-бытового насилия. Существует проблема несовершенства законодательства в сфере семейно-бытового насилия, которая приводит к безнаказанности лиц, причиняющих тяжкий вред психологическому и физическому здоровью лиц, переживших насилие. Порицание общественности недостаточных мер наказания за преступления в бытовом насилии порождает еще большую необходимость в пересмотре казахстанского законодательства и мер защиты прав жертв насилия. Влияние мер борьбы с пандемией коронавируса в 2020 году, а именно введение чрезвычайной ситуации в стране, и локдаун, приведший к самоизоляции граждан, повлияли на увеличение случаев семейно-бытового насилия в Казахстане. Влияют также и традиционные патриархатные ценности и установки в казахстанском обществе, которые воспитывают в женщинах быть хранительницей очага независимо от ситуации, в мужчинах быть сильным, главой семьи, хозяином своей жизни приводят к ситуациям, где мужчина выступает агрессором, женщина – ущемленной личностью, которая боится и стыдится просить помощи извне. В ходе исследования мы обнаружили существование такой проблемы как неумение, как женщин, так и мужчин, распознавать признаки насилия, в особенности психологического и экономического, что говорит о необходимости большего освещения данного вопроса. Результаты опроса и собранной информации по теме семейно-бытового насилия, требуют продолжения исследования специфики гендерного насилия в отношении женщин в Казахстане и отдельно в Карагандинской области с привлечением социологов, криминалистов, психологов, юристов, экономистов. Особое внимание нужно уделить выбору метода исследования, с акцентом на качественной методологии, что позволит увидеть более сложные причинно-следственные связи в проблеме семейно-бытового насилия.

Литература:

1. Комитет по статистике Министерства национальной экономики РК. 2017. Выборочное обследование по проблеме насилия в отношении женщин в Казахстане. Астана, Казахстан: Комитет по статистике Министерства национальной экономики РК.
2. Общественный фонд Немолчи.kz Nemolchi.kz [//https://www.instagram.com/p/CWmZT3rIpdj/?utm_medium=copy_link](https://www.instagram.com/p/CWmZT3rIpdj/?utm_medium=copy_link)
3. Национальный доклад «О противодействии семейно-бытовому насилию в Республике Казахстан» / Нур-Султан: 2021
4. Комитет по правовой статистике Генеральной прокуратуры РК// <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=ru>
5. Казахстан: недостаточная помощь для переживших домашнее насилие//<https://www.hrw.org/ru/news/2019/10/17/334789>

Аукенова Н., МК–21 тобының студенті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті.
(*Ғылыми жетекшісі ф.ғ.к., доцент Топашов М.Ә.*)

СУРЕТКЕР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНА КӨРІНІСТЕРІ

Сәкен Жүнісов – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Оның қаламынан туындаған «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй», «Заманай мен Аманай» шығармалары идеялық – көркемдік сапа – белгілерге ие болуымен қашанда бағалы. Суреткер талантының нақты көрінісі болған бұл шығармалар ұлттық өзекті проблемаларды дер кезінде көтеруімен ұлттық танымға жол тауып, рухани - әдеби кеңістікте тұрақты орнығуға мүмкіндік алды.

«Жапандағы жалғыз үй» романы әміршіл - әкімшіл жүйе өнерге билік жүргізген кездің өзінде тың көтеруге байланысты туындаған ұлттық өзекті проблемаларды дер кезінде көтерген қазақ әдебиетіндегі тұңғыш прозалық шығарма. Ал, авторы тың көтеру науқанына қарсы өзінің келіспеушілік көзқарасын алғаш білдірген қазақ қаламгері. Шығарма арқа жерінің көрінісін көркем суретке айналдыруды өзек етумен тұйықталмай, тың игерудің қасіретін, әсіресе, ұлттық болмысқа тигізген кері әсерін нанымды бейнелейді. Тың көтеру даламызды ғана экологиялық апатқа ұшыратып қойған жоқ, сонымен бірге, ұлттық болмысқа сызат түсті, қазақи таным өзгеріске ұшырады, рухани жүдеушілікке ұрындырды деген қаламгер ойы шығарма өнбойында үнемі қылаң беріп отырады. Жер тағдыры мен ел тағдыры ұқсас, бірінен – бірін бөліп қарауға

болмайды деген авторлық ұстаным мен мұндалайды. Қазақ өмірінің ең бір трагедиялы кезеңін , кәмпескелеу, ұжымдастыру, екінші дүниежүзілік соғыс кезі, тың игеру науқаны сияқты халықты алапат апатқа ұшыратқан зорлық –зомбылық зардаптарының небір қанқұйлы көріністерін бір шығарманың көлеміне жігін жатқызып сыйдыра білуі суреткер шеберлігіне бірден - бір айғақ. Суреткердің қуатты қаламы осының бәрін лирикалық шегініс арқылы бедерлеу – бейнелеу тәсілдерінің сан түрлі амалдарымен жинақтап , суреткерлікпен барынша көмкеріп, ақылға сыйымды , көңілге қонымды етіп көркемдік аяда жинақтап бере білген. Шығарма сюжетін барынша қоюландырып , кейіпкерлердің табиғи болмысын толыққанды тануға көркемдеу процесінде Күргерей қарттың әңгімесін (жеті жырын) суреткерлікпен ұтымды пайдалануы мол мүмкіндік туғызған. Суреткердің рухани әлемі, азаматтық ұстанымы, зобалаң жылдардың жаңғырығы , Күргерей қарт әңгімелерінің табиғатынан танылады. Қиын- қыстау күндердің сұмдық көріністері лирикалық шегіністермен , өткенді еске алу жылдарымен сабақтастыра өріліп, берілуі де шығарма шырайын кіргізген сәтті ізденістердің бірі. Қаламгерлік ізденістерге батыл барған суреткер лирикалық шегіністерді түрлі аспектіде қалай қолданам десе де толық құқылы. Сәкен Жүнісов те суреткерлік мақсатына қарай бұл бағыттағы көркемдік компоненттерді түрлі ситуацияларда құбылып пайдалануда шеберлік танытады. Оның авторлық баяндау, суреттеп беру , диалог - монологпен жеткізу, т.б көркемдік құралдарды бейнелеуі бізге осыны ұғындырады. Бірде Райханның өткен өміріне көзінді жеткізсе, кей тұста жалғыз ағаш құба жондағы оқиғаны баяндап , Жәлелдің боран күнгі мүшкіл халіне көзінді жеткізеді. Кей тұста , кейіпкердің ішкі монологі көп жайға қанықтырады. Қаламгер тапқырлығына айғақ болған бұл ерекшелік - шығарма болмысына лиризм қасиетін тармақтандыра дарытқан. Құрғақ баяндаудың қаламгерге абырой әпермесін білген, көркемдеп суреттеу жоқ жерде шығарма әрі мен мәнінен айрылатынын терең ұғынған қас суреткердің өзінің айтып- ұсынарын барынша ұтымды әрі мейлінше нанымды жеткізу үшін осындай көркемдік жинақтау амалдарына баруын сәтті қадам деп қолдап, құптадық. Сәкен Жүнісов әбден сұрыпталған, белгілі мақсатпен іріктелген деталь, әрекет, ситуацияларды суреткерлік ізденістері аясында сабақтастыра-байланыстырғанды құп көретін танымы терең, талғамы зор қаламгер. Жансызға тіл бітіру, жыртқыштардың тірлік ету әрекетін көркемдеп бейнелеу арқылы қаламгер шығармаға романтикалық- символикалық рең үстемелеуді де ұмыт қалдырмайды.

Әрине, қаламгерді қатты ойландырып-толғандырған ұлт тағдыры екені күмәнсіз шындық. Ол үшін қасіреттің ең қауіптісі -ұлттың рухани азып –тозуы. Осы бір өзекті ойын қасқыр апаны мен жалғыз үйдің ойрандалуын сабақтастыра, өзара байланыста беруі психологиялық параллелизм әдісінің заңдылықтарына сай көркемдік шешімін тапқан.

Психологиялық талдау мен әлеуметтік талдау бір-бірімен байланысты ұғым. Шығарманың әлеуметтік -қоғамдық маңызын бағамдаудың нәтижесінде кейіпкер характерін, психологиясын анықтай аламыз. «Авторлық идеяны анықтау үшін де әлеуметтік талдауға жүгіну маңызды. Әлеуметтік талдау символ, көркемдік шарттылық , психологиялық параллелизм арқылы шешім табатынын»[1,38] айта кеткен артық болмас. Әлеуметтік талдауды кейіпкердің қоғамдық - әлеуметтік жағдайына қатысты қарастыру міндетті. Кейіпкер характерін жасауда, портрет мүсіндеуде қаламгер лексиконының әрі мен нәрі мол. Шығарма кейіпкерлері өзіндік кескін-келбетімен, сыр- сипатымен, мінез-құлық ерекшеліктерімен өзгешеленуі тиіс. Қарасай, Райхан, Тоқаш, Япишкіна, Дика, Ақбөпе, Халел, Оспан, Дерягин, т.б біріне- бірі мүлдем ұқсамайтын, түр- түлғасымен оқшауланған, әбден дараланған типтік характерлер. Характер жасау ерекшеліктерін зерттеуші С. Шаталов айтады: « Қай заманда да зор жаңалықтар – уақытпен үндес жаңа характерлерді бейнелеу мен тану болды», (2,65) деп. Сәкен Жүнісов уақыт сұранысына қарай образ жасай білген саңлақ суреткер. Дәуір дидарын , соған сай образдар жасай отырып уақыт ұғымына философиялық тұрғыдан келуді суреткерлік мақсат санаған қаламгердің ел мүддесіне алаңдаушылық позициясы анық көрініп тұрады. « Жапандағы жалғыз үй » романы айтары бар, жазу өнерін меңгерген, қаламгерлік стилі қалыптасқан үлкен суреткердің қазақ прозасына келіп қосылатынын бар болмыс – бітімімен, сыр-сипатымен оқырманның көзі жететіндей етіп айғақсыз дәлелдеп көрсете алған салмақты да салиқалы туынды.

Қазақ көркем прозасының табысы деп танылған « Ақан сері » дилогиясы Сәкен Жүнісовтің оқырман жылы қабылдаған көркемдігі кемел , шоқтығы биік шығармаларының бірі ғана емес, бірегейі. Ақын , әнші, композитор Ақан серідей өнер адамының көркем бейнесін қара сөзбен сомдау арқылы қаламгер қазақ әдебиетіне бітімі бөлек, болмысы өзгеше туынды әкелді. Қазақ тарихи прозасында өнер адамының тағдырын арқау еткен З.Ақышевтің «Жаяу Мұса », Ә.Әбішевтің «Найзағай », Д.Әбілевтің « Ақын мұраты » тағы басқа көптеген шығармалардың

арасында Сәкен Жүнісовтің « Ақан сері » дилогиясының шоқтығы биік. Ұлы Абайдың тұлғасын көркемдік тұрғыдан асқан суреткерлік шеберлікпен бейнелеген М.Әуезовтің « Абай жолы » эпопеясы осы тақырыптағы шығармалардың бастауында. М.Әуезов дәстүрінің көркемдік арсеналынан ғибрат алған Сәкен Жүнісов қазақ өнерінің біртуары Ақан сері сияқты күрделі тұлғаны сан алуан тартысқа қиліктіріп, ол өмір сүрген заманның қайшылығын, әсіресе, өнер адамына жасаған қысастық – қиянатын шындыққа суарылған қалам қуатымен ашып көрсетеді. Суреткердің Ақан образын жасаудағы ізденісі аса сәтті. Ақан тағдыр тауқыметін көп тартқанымен, оның жұбанышы - өнері, туған халқы барда өнерінің мәңгілік екендігі. Қаламгер Ақан бейнесін бедерлегенде, оның қазақ қоғамындағы орнын көрсетумен шектеліп қалмай, сол заман ахуалымен байланыстыра ширықтыра беруі драмалық тартысты күшейту мақсатынан туындаған жағдай. Өнер халықтыкі деп өткен Ақан сері бар өмірін осы жолда сарп етуге даяр. Ақындығын, әншілігін, шешендігін, т.б. туа бітті тамаша қасиеттерін ақиқат үшін арпалысуға жұмсаған Ақан серінің сөз саптауына қоғамдық-әлеуметтік сипат бере бейнелеуі қаламгердің бас қаһарманды қоғам қайраткері етіп көрсету ниетінен орын алған суреткерлік позиция. Шығармадан тек әнші, композитор Ақанды ғана емес, күрескер Ақанды да көруіміз осыдан болса керек. Қылышбай, Нұртаза, Тұрлыбек, Ердендермен қатар ояз, губернаторлармен де әділдік, елдік мәселесі жөнінде сөз таластырғанда әркез мерейі үстем шығып отырған, Ақанның кісілік келбетіне, адами әлеміне суреткерлікпен терең үңілу арқылы, оның шынайы болмысын, дүниетанымын, ой-аңсарын қалам қуатының бар мүмкіндігінше танытуға ерекше ынта – ықылас көрсетеді. Өз заманынан озық туса да, тағдыры қиын Ақанның өмірі қым-қиғаш тартысқа, шытырман-шырғалаңға толы болды. Бәтима мен Ұрқияның ауыр қазасы, Ақтоқтыдан тірідей айрылуы, Айбергеннің ажалы, Жамал мен Балқадияшаның тағдырлары, Құлагердің мерт болуы, Қараторғай мен Базаралыдан айрылуы - бәрі де Ақанға тағдыр арқалатқан қайғы-қасіреттер. Атақонысынан айрылған халықтың трагедиялық хал-күйі, базары тарқаған Қоскөл, келімсектер қоныстанған Қаратал, шошқа қамалған Құлагер қорасы, т.б. қасіретке толы қайшылықтар ардақты Ақанның көңіліне қаяу түсіреді.

Шен-шекпенділердің алдында именбей, өктем сөйлеген өр Ақанның ендігі жерде сағы сынып, тауы шағылады. Әйтседе, бойын тік ұстап, жігерін жасытпайды. Сұлтанмұрат, Шәкей, Әлібек, Ожымбай, Жайық қарт, Әліпқали балуан, Саққұлақ би, т.б. аралас-құраластығын суреттей отырып қаламгер Ақан болмысын әр қырынан ашып көрсетуді міндет санайды. Ақан сері үшін зұлымдардың зымияндығы, қара жүректі жандардың жымысқылығы есін жиғызбас ауыр соққы болғандығын қаламгер қамыққан көңілмен жеткізеді. Неге өнер адамына (озық ойлы жандарға) қоғам қырын қарайды, суық қабақ танытады – деген суреткер ойы айқұлақтана аңғарылады. Дегенмен, суреткерге өнер өміршең, ол өлмейді, сондықтан Ақанның өнері, өнегелі өмірі халқымен мәңгі жасай бермек деген қаламгерлік ұстаным жанын жұбатады. Сәкен Жүнісов « Ақан сері » дилогиясымен өзіне мәңгі өшпестей етіп рухани ескерткіш соғып кеткен қаламгер.

Біртуар қаламгердің қазақ прозасының алтын қорына қосылған «Заманай мен Аманайы да» көркемдік – эстетикалық талаптарға бар қажетінше жауап бере алатын, ойлы оқырманның сана – сезіміне, ішкі рухани әлеміне, жан дүниесіне ерекше әсер ете алған салиқалы туынды. Қанқасап аласапыран отызыншы жылдар ойранының өтінде тұрып, қызыл саясаттың ырқына ыңғай бермеген қазақтардың зорлық-зомбылыққа төзбей, ата-жұртын тастап шекара асып арғы бетке өтуі шығарма тақырыбының өзегін құрайды.

Жалпы, шығарманы оқыс, тосын оқиғаларға құруға ықылас танытуы қаламгер шығармашылығының негізгі атрибуты, ешкімге ұқсамас өзіне ғана тән суреткерлік стилі. Туындының көркемдік – эстетикалық қуатын бәсеңдетпей, қайта қуатын арттыру, оқиға желісін босаңсытпай барынша қоюлату мақсатында қаламгер сүйіспеншілік сезімдерін орайын тауып әлеуметтік-қоғамдық тартыстар желісімен қиюластыра білуі көркемдік шарттылықтың талаптарына толық жауап қатады. Шығармада алдымен Балзия образымен қауышамыз. Ол бұла өскен бай қызы. Оқыған, көкірек көзі ашы, саналы жан. Қаламгер Балзия образын даралап, көпшіліктен ерекшелеп бейнелеумен ғана шектелмей, ішкі драматизм желісін ширықтыра түсіп, оқиғаларды, тартыс-қақтығыстарды күшейтіп, көркемдік бояуы қанық, ақиқат өмір шындығымен дамытады. Ол жар деген де жалғыз Заманайды туған еліне жеткізе алмады. Өзегін өртейтін өкініші осы. Ендігі бар арманы - Заманайынан қалған жалғыз тұяқ Аманайын қалайда ата-жұртқа оралту. Аурушаң, әбден уайым-қайғы жеп, жаны жүдеген кемпірдің өмірде көрген қиыншылығы аздай, қартайған шағында тау-тасты кезіп, өлермендік танытуы – туған жерге деген ыстық сағыныштан туған шарасыздық. Сондай-ақ, Балзияның ішкі әлемін, рухани болмысын, жүрек соғысының лүпілін, жандүниесіндегі екі ұдай сезімді шынайы бедерлейді.

Шығармада басқа да кейіпкерлер өз кескін келбеттерімен, болмыс бітімдерінің өзгешеліктерімен оқшауланып, заман шындығының бет пердесін жан-жақты ашып көрсетуде қаламгер зұмат жылдардың сұмдығын, адамдар тағдырын психологизм мен ширыққан драматизм арқылы бейнелейді. Әдебиеттің негізгі нысаны саналатын туындылар өмір құбылыстарын жан - жақты зерттеудің, жеке адамдар тағдырын үлкен қоғамдық даму заңдылықтарымен ұштастырудың нәтижесінде ғана пайда болады. « Көркем туынды суреткер белгілі бір идеялармен жалындап, көкірегіне ұялаған сырын айтпауға болмайтындай халге жеткенде ғана жазылуға тиісті», [3,78] – дейтін М. Горький сөздерінде кәміл шындық жатқаны күмәнсіз. Бұл пікірдің ақиқаттығына Сәкен Жүнісов шығармашылығына тереңдеп үңілген сайын айқын көз жеткізуге болады.

Сәкен Жүнісов қаламынан туған шығармалардың ескерілмей - елеусіз қалған кезі жоқ. Талғамы зор суреткердің толымды туындылары - алғашқы әңгімелерінен ақырғы романына дейін оқырман қызығушылығын арттырып , әдеби сында көркемдік –эстетикалық сипатымен бағаланып, әйтеуір көпшілік ортада еленбей қалған жері жоқ. Міне, бұл суреткердің текке қалам тербемегендігінің нақты көрінісі.

Әдебиеттер:

- 1.Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі.– Алматы,1987,– 229 б.
- 2.Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік.– Алматы,1993,– 623 б.
- 3.Стиль сыры. Ұжымдық жинақ. – Алматы, – 1974,– 453 б.

Байтукова А.Р., Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, факультет философии и психологии , гр. МПС-62, магистрант
(*Научный руководитель – к. пс. н., ассоциированный профессор Алимбаева Р. Т.*)

«ОБРАЗ СЕМЬИ» В РЕКЛАМЕ

Семья – это комплексное и поэтому неоднозначное общественное образование. Социальные роли согласно моделям семьи весьма многогранны [1, с.77].

Семья считается основой общества. Во всех типах обществ семья рассматривалась как основная ячейка социальной организации, которая выполняет жизненно важные задачи, такие как социализация детей. Хотя семья является динамичным социальным феноменом, различающимся исторически, географически и культурно, в рыночных обществах нас, как правило, засыпают образами определенного типа семьи.

«Эдмунд Лич назвал это «изображением семейного пакета с хлопьями». Изображение счастливой супружеской пары с двумя детьми занимает видное место в рекламе, а «семейные» пакеты с хлопьями и другими продуктами предназначены именно для этого типа группировки. Обычно считается само собой разумеющимся, что потребности этого типа семьи удовлетворяются за счет кормильца-мужчины, в то время как жена играет преимущественно домашнюю роль.

Описывая образ типичной или традиционной семьи, Энн Окли говорит, что «обычные семьи - это нуклеарные семьи, состоящие из пар, состоящих в законном браке, добровольно выбирающих отцовство для одного или нескольких (но не слишком многих) детей». Такая нуклеарная семья считается «базовой структурной единицей общества». В таких семьях «гораздо меньше детей находятся под постоянным присмотром родственников, помимо собственных родителей». Другие типы семей, упомянутые Хараламбосом, Геральдом и Холборном [2, с.503], представляют собой модифицированную расширенную семью, которая представляет собой:

- коалицию нуклеарных семей в состоянии частичной зависимости;
- модифицированную элементарную семью, в которой внутренняя «элементарная» семья, состоящая из жен и мужей, их родителей, детей, братьев и сестер, часто помогают друг другу в трудные времена;
- рассредоточенная большая семья, которая состоит из двух или более семей (состоящих в родственных связях), которые сотрудничают друг с другом, но при этом живут на расстоянии друг от друга.

Данные типы семей можно назвать типичными, но недавние исследования показали так же и то, что современные индустриальные общества характеризуются множеством типов